

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ХАЛҚЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ
EMPLOYMENT OF THE RURAL POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЗАНЯТОСТЬ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ж.Н. КУСМОЛДАЕВА*

Ph.D

Ж.Ж. БЕЛЬГИБАЕВА

э.ғ.д, профессор

О.А. АБРАЛИЕВ

э.ғ.д, профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: kusmoldaeva@mail.ru*

ZH. KUSMOLDAEVA*

Ph.D

ZH. BELGIBAYEVA

Dr.E.Sc., Professor

O. ABRALIYEV

Dr.E.Sc., Professor

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: kusmoldaeva@mail.ru*

Ж.Н. КУСМОЛДАЕВА*

Ph.D

Ж.Ж. БЕЛЬГИБАЕВА

д.э.н., профессор

О.А. АБРАЛИЕВ

д.э.н., профессор

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

электронная почта автора: kusmoldaeva@mail.ru

Аңдатпа. Ғылыми зерттеу гипотезасы ауыл тұрғындарының Нәтижелі жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына, халықтың кең тобына азық-түліктің физикалық және экономикалық қолжетімділігі проблемаларын шешуге ықпал етеді деген болжамға негізделген. *Мақсаты* – ауылдық жерлерде тиімді еңбек қызметінің перспективаларын негіздеу. *Әдістері* – сандық деректерді жинау және талдау, заңдылықтарды белгілеу, экономикалық процестерді болжау үшін экономикалық-статистикалық. *Нәтижелер* – аграрлық салада жұмыспен қамтылған ауылдық елді мекендер санын қысқарту үрдістері анықталды, жұмыс орындарын құру және инновациялық IT-құралдарды енгізу, әлеуметтік инфрақұрылым ауқымын және жұмысқа орналастырудың баламалы нысандарын ұлғайту есебінен ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту қажеттілігі көрсетілді. Эмпирикалық базаны ауыл тұрғындарының санын және олардың өңірлік және салалық бөліністердегі еңбек белсенділігінің деңгейін сипаттайтын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми деректері құрады. Нәтижесінде Қазақстан өңірлері бойынша ауыл контингентін бөлудің біркелкі еместігі анықталды, ауыл, орман және балық шаруашылығындағы жұмыскерлердің аграрлық аудандардың еңбек ресурстарының жалпы көлеміндегі үлес салмағы есептелді. *Қорытындылар* - республикада қоғамның ауылдық құрылымының тартымдылығын арттыру, қалаларға көші-қон ағынын болдырмау, ауылдық округтерде цифрлық технологияларды меңгерген білікті кадрларды бекіту үшін мүмкіндіктер бар. Осы мақсатта ауылда тұру үшін қолайлы жағдай жасау, агробизнесті кеңейту және еңбек қатынастарының дәстүрлі емес үлгілері, ауыл тұрғындарының табысын арттыру, АӨК-ні кадрлық қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеуге аграршылар мен ғалымдардың күш-жігерін жұмылдыру қажет. Ғылыми әзірлемелер ауылдық аумақтардың еңбек әлеуетін нығайту және оны пайдалану тиімділігін күшейту жөніндегі шараларға бастамашылық жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Abstract. The research hypothesis is based on the assumption that ensuring productive employment of rural residents contributes to the sustainable development of rural areas and to solving problems of physical and economic accessibility of food for broad segments of the population. The purpose is to substantiate the prospects for effective labor activity in rural areas. *Methods* — the economic-statistical method for collecting and analyzing numerical data, identifying patterns, and forecasting economic processes. *Results* — trends of declining employment in the agrarian sector of rural settlements were identified; the necessity of improving the quality of life of rural residents through job creation and the introduction of innovative IT tools, expansion of social infrastructure, and alternative forms of employment was demonstrated. The empirical basis consisted of official data from the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, characterizing the rural population size and the level of labor activity by region and sector. As a result, uneven distribution of the rural population across the regions of Kazakhstan was identified, and the share of workers employed in agriculture, forestry, and fisheries in the total labor resources of agrarian regions was calculated. *Conclusions* — the republic has opportunities to increase the attractiveness of the rural way of life, prevent migration outflows to cities, and retain qualified personnel with digital skills in rural districts. To this end, efforts of agrarians and scientists should be mobilized to develop recommendations for creating comfortable living conditions in rural areas, expanding agribusiness and non-traditional models of labor relations, increasing rural incomes, and providing personnel support to the agro-industrial complex. Scientific developments can be used to initiate measures to strengthen the labor potential of rural territories and enhance the efficiency of its utilization.

Аннотация. Гипотеза научного исследования базируется на предположении о том, что обеспечение продуктивной занятости сельских жителей способствует устойчивому развитию сельских территорий, решению проблем физической и экономической доступности продуктов питания широким слоям населения. *Цель* – обосновать перспективы эффективной трудовой деятельности в сельской местности. *Методы* – экономико-статистический для сбора и анализа числовых данных, обозначения закономерностей, прогнозирования экономических процессов. *Результаты* - выявлены тенденции сокращения численности занятых в аграрной сфере сельских населенных пунктов, показана необходимость улучшения качества жизни сельчан за счет создания рабочих мест и внедрения инновационных IT-инструментов, увеличения масштабов социальной инфраструктуры и альтернативных форм трудоустройства. Эмпирическую базу составили официальные данные Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, характеризующие количество жителей села и уровень их трудовой активности в региональном и отраслевом разрезе. В итоге, определена неравномерность распределения сельского контингента по регионам Казахстана, рассчитан удельный вес работников в сельском, лесном и рыбном хозяйстве в общем объеме трудовых ресурсов аграрных районов. *Выводы* - в республике имеются возможности для роста привлекательности сельского уклада общества, предотвращения миграционного оттока в города, закрепления квалифицированных кадров, владеющих цифровыми технологиями в сельских округах. В этих целях следует мобилизовать усилия аграриев и ученых на разработку рекомендаций по созданию комфортных условий для проживания на селе, расширению агробизнеса и нетрадиционные модели трудовых отношений, повышению доходов сельских жителей, кадровой поддержке АПК. Научные разработки могут быть использованы при инициировании мер по укреплению трудового потенциала сельских территорий и усилению эффективности его использования.

Түйінді сөздер: ауылдық жерлер, халықты жұмыспен қамту, еңбек белсенділігі, жұмыс күші, инфрақұрылым, цифрлық технологиялар, нарық, экономиканы әртараптандыру.

Keywords: rural areas, population employment, labor activity, workforce, infrastructure, digital technologies, market, economic diversification.

Ключевые слова: сельская местность, занятость населения, трудовая активность, рабочая сила, инфраструктура, цифровые технологии, рынок, диверсификация экономики.

Мақала түсті: 17.10.2025. Сараптамадан кейін мақұлданған: 06.12.2025. Қабылданды: 11.12.2025

Кіріспе

Ауыл экономикасын дамыту мемлекетіміздің стратегиялық басым бағытына жатады. Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту

деңгейі халықтың материалдық әл-ауқатын және елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, экономикалық өсу мен аумақтық даму мүмкіндіктерін сипаттайтын маңызды

көрсеткіштердің бірі болып табылады. Орталықтандырылған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу кезеңінде еңбек нарығының «ауылдық жұмыс күші» сегменті түбегейлі өзгерді. Ірі совхоздар мен колхоздар тарап кетті. Ауыл халқы жеке шаруашылықтарда жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында атап өтілген, Қазақстанның еңбек нарығына демография, көші-қон және еңбекті бөлудегі аймақтық теңгерімсіздік, жұмыс орындарын цифрландыру және автоматтандыру, жасанды интеллектіні енгізу сияқты ішкі және сыртқы факторлар тұрақты түрде әсер етеді, бұл басқалармен қатар жалпы құрылымдық өзгерістерге әкеледі (Об утверждении Концепции развития рынка труда ...) [1].

Зерттеулер анықтағандай, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы әрқашан өзіндік ерекшеліктерге ие болды: маусымдылық, табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділік, жұмыс күшіне сұраныстың біркелкі еместігі, ұзақ өндірістік цикл, қол еңбегінің жоғары үлес салмағы, қызметтің басқа салаларымен салыстырғанда алатын жалқыларының төмендігі.

Еңбекке қабілетті халықтың қалаларға жаппай кетуінен көрінетін көші-қон процестері, ауыл тұрғындарының жас және жыныстық пирамидасының өзгеруі, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің дамымауы немесе болмауы, білікті кадрлардың тапшылығы ауылдық жерлерде жұмыспен қамту мәселесін шиеленістіре түсті.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы секторларының жедел дамуы және экспорттық әлеуеттің өсуі республиканың АӨК-не инновациялар енгізусіз мүмкін емес. Ауыл шаруашылық саласындағы құрылымдардың тиімділігін арттырудың келесі бағыттарына басымдылық беру керек: суды аз қажетсінетін дақылдарды өсіру, тамшылап суғару; дақылдар мен малдар түрлерін және тұқым шығаруда отандық зерттеулердің нәтижелерін пайдалану, ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, инновациялық (шикізатты терең өңдеу) жол карталарын және цифрландыруды одан әрі дамыту.

Ауылдық аумақтардың даму деңгейі мен еңбек нарығының «ауылдық жұмыс күші» сегментінің жұмыс істеуі арасында тығыз байланыс бар. Білікті кадрлармен жеткілікті қамтамасыз етілсе, инновациялық технологияларды өндіріске енгізу жеделдейді. Өндіріс процестерін автоматтандыру мен механикалан-

дыру өнімділікті арттыруға ықпал ететіндіктен ауыл шаруашылығы еңбегі тартымды бола түсуде.

Ауылды дамыту – мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бірінші кезектегі міндеті. Бұл көші-қон және демографиялық процестерге ықпал етуге, ауылдық елді мекендердің одан әрі деградациясына жол бермеуге, ел тұрғындарын отандық өндірістің жаңа азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда ауылды жұмыспен қамту мәселесі өте өзекті болды десек, артық айтқандық емес. Бұл Қазақстан азаматтарының белгілі бір бөлігінің табысы мен өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен бірге елдің экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігіне де қатысты.

Әдебиетке шолу

Ауылды жұмыспен қамту мәселесіне арналған ғылыми зерттеулер әрқашан ерекше өзекті болып келеді. Vasylyeva O., Karpenko A. [2] ауыл шаруашылығының дамуы еңбек ресурстарының болуына байланысты деп атап көрсетеді. Инновациялық технологияларды меңгерген білікті кадрлар өндіріс көлемін айтарлықтай арттыруға және Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін шешуге қабілетті.

Ғалымдар Pakush L., Mirenkova I. [3] зерттеулерінде, ауылды жұмыспен қамту саясаты әрі серпінді болуы керек және салааралық және өңіраралық бағыттар бойынша еңбекті қайта бөлуге белсенді түрде жәрдемдесу керек. Кейбір зерттеушілер, Меренкова И.Н., Гаврилова З.В., Чумарина Е.А. [4] нақтылайды ауылдағы жұмыспен қамту оны арттырудың түбегейлі жаңа тәсілдерін іздеуді талап етеді, бұл ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтудың төмендеуінің сақталып отырған проблемаларымен байланысты, ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылық емес жұмыспен қамтудың сипаттамалары және ауыл экономикасын әртараптандыру арқылы өнімді жұмыспен қамтудың өсу кезеңінде болашағы бар.

Ал, Сычева Н. [5] ауыл халқының жұмыспен қамтылуын арттыру бала туу көрсеткішінің деңгейін көтеру, тұрғындардың көші-қонының кетуіне жол бермеу, өмір сүру жағдайын жақсарту және әлеуметтік инфрақұрылымның даму деңгейінде қала мен ауылдық елді мекендер арасындағы алшақтықты азайтудың мақсатты саясатын жүзеге асырудан тұрады деп көрсетеді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы ұйымдарының жоғары білікті кадрларын ұстауды күшейту және т.б.

Сонымен қатар, Fadeeva O.P. [6] ауыл шаруашылық еңбек нарығы әлеуметтік-экономикалық институттардың жұмыс істеуіне және аймақтардың ресурстық әлеуетіне, олардың ауылдық жерлерді дамытуға тигізетін ықпалына байланысты деп жазады.

Сондықтан, Постнова М.В., Александрова Н.Р., Смирнова Е.А. [7] ұзақ мерзімді перспективада аймақтың экономикалық дамуының шектеуші факторы экономикалық белсенді халықтың, атап айтқанда оның еңбекке қабілетті жасындағы ең белсенді бөлігінің қысқаруы болатынын атап өтсін.

Қазақстанда ауылдық еңбек нарығының сегменті күрделі жағдайға тап болды. Отандық зерттеушілер: Kamysbaev M., Omarov G., Sagandykova S. [8], республиканың ауыл шаруашылығы секторындағы кадрлардың болуы сандық жағынан да, сапалық жағынан да қанағаттанарлықсыз деп атап көрсетеді. Дегенмен зерттеушілер: Ryspekova M.O., Uchkampirova A.B., Duijsenbekova A.A. [9] ауылдық еңбек нарығының құрылымына сандық бағалау жүргізді және шаруа қожалықтарының дамуына және халықты жұмыспен қамтудың өсуіне әсер ететін факторларды анықтады.

Зерттеуші Югов Е.А. [10], ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту деңгейін арттыру бойынша ұсынымдарды әзірлеу кезінде еңбек нарығындағы өзгерістердің тенденцияларын, атап айтқанда цифрлық технологиялардың енгізілуін, жаңа кәсіптердің пайда болуын, әлеуметтік-еңбек қатынастарына жаңа көзқарастарды, ауылдық жерлерде жаңа өмір салтын қалыптастыруды ескеру қажет.

Ауылдық жұмыспен қамту құрылымы ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен елеулі өзгерістерге ұшырауда Nikulina Y. N. [11] нәтижелерінің практикалық салдары. Ауыл шаруашылығымен байланысты емес ауыл экономикасының қажеттіліктерін ескере отырып, ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды қолдау шараларын әзірлеудің ұсынылатын жолдары болып табылады.

Осы саланы көп жылдар зерттеген Sen B., Dorosh P., Ahmed M. [12] халықты ауыл шаруашылық емес жұмыспен қамту әрқашан ауылдық жерлерде болғанын, бірақ қазіргі Ресейдегі оның ауқымы үнемі өсіп келе жатқанын және әлеуметтік-экономикалық және демографиялық проблемалармен бірге жүретінін атап өтті. Осыған қарамастан Fedorov G. M., Kinder S., Kuznetsova T.Yu [13] баламалы жұмыспен қамтуды дамытуды ынталандыру және ауылдағы еңбек рентабельділігін арттыру арқылы ауыл тұрғындарын өнімді жұмыспен қамту шараларын әзірлеп, ұсынды.

Негізінен, Zabelina O., Mirzabalaeva F., Sankova L. [14] алдағы 10-15 жылда ауыл шаруашылығы саласында жаңа кәсіптердің пайда болуын есепке алу қажеттілігін негіздеді.

Материалдары мен әдістері

Ғылыми зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін ауылдағы жұмыспен қамту және еңбек ресурстары туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Мақалада ауылды дамытудың келешегі мен ауылдың жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру мәселесі қарастырылғандықтан, мақаланы жазуда танымның диалектикалық әдісі қолданылды, оның мәні экономикалық құбылыстар мен жүйелі қозғалыстағы процестерді зерттеу болып табылады.

Ғылыми абстракция әдісін қолдана отырып, агробизнесі дамытудың заңдылықтары мен перспективалары және жұмыспен қамтудың баламалы нысандары, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін кадрлармен қамтамасыз ету негізделді. Салыстырмалы әдіс 2014 жылдан 2024 жылға дейінгі ұзақ уақыт аралығындағы статистикалық деректерді салыстыру үшін қолданылды. Ғылыми зерттеудің гипотезасы индукция және дедукция әдісі арқылы тексеріліп, қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Экономикалық-статистикалық әдіс сандық деректердің кең ауқымын өңдеуге және Қазақстандағы ауыл тұрғындары мен ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейтіндердің динамикасын зерттеуге мүмкіндік берді. Ғылыми зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері құрады.

Демек, ауылдағы жұмыс күшінің сапасына қойылатын талаптардың артып келе жатқанын ескеру қажет. Толық цифрландыру өзіндік түзетулер енгізуде, тек агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін дайындалған мамандар ғана ауылдық жерлерде тұрақты дамуды қамтамасыз ете алады.

Ауылдағы жұмыс күшінің сапасына қойылатын талаптардың артып келе жатқанын ескеру қажет. Толық цифрландыру өзіндік түзетулер енгізуде, тек агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін дайындалған мамандар ғана ауылдық жерлерде тұрақты дамуды қамтамасыз ете алады.

Нәтижелері

Қазақстан Республикасында 2024 жылы кезеңнің аяғында ауыл халқы 7 510,3 мың адамды немесе жалпы халықтың 37,02%-ын құрады., ауылдағы жұмыс күші 3 639,8 мың адам немесе жалпы жұмыс кү-

шінің 37,66%, жұмыспен қамтылған ауыл халқы 3 467,9 мың адам немесе ұлттық экономикадағы жұмыспен қамтылғандардың

жалпы санының 37,63% (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15] (1 кесте).

1 кесте – Қазақстандағы ауыл халқының, ауылдағы жұмыс күшінің және жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының көрсеткіштерінің серпіні

Жыл	Ауыл тұрғындары (жыл соңы), мың адам	Жұмыс күші (ауыл тұрғындары), мың адам	Жұмыс жасайтындар, мың адам
2014	7 578,7	3 988,6	3 794,8
2015	7 634,3	3 769,1	3 574,9
2016	7 586,7	3 846,6	3 662,7
2017	7 647,5	3 840,1	3 653,1
2018	7 697,4	3 861,4	3 677,5
2019	7 693,1	3 830,7	3 648,8
2020	7 728,2	3 768,6	3 587,5
2021	7 768,6	3 765,0	3 584,4
2022	7 556,9	3 646,5	3 472,4
2023	7 582,6	3 629,9	3 459,2
2024	7 510,3	3 639,8	3 467,9

Ескерту: автордың құрастыруы (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15].

Осы 1 кестедегі деректер көрсеткендей, талданған 2014 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде ауыл тұрғындарының, ауылдағы жұмыс күшінің және жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының санының қысқару үрдісі байқалады. Мәселен, 2024 жылы ауыл халқы 2014 жылмен салыстырғанда 68,4 мың адамға, жұмыс күші 348,8 мың адамға,

жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындары 326,9 мың адамға азайды.

Ауылдағы жұмыспен қамту деңгейі қала тұрғындарына қарағанда айтарлықтай төмен. 2024 жылы қала халқы жұмыспен қамтылған халықтың 62,36%-ын құраса, ауыл тұрғындарының үлесі 37,64%-ды құрады (1 сурет).



Ескерту: автордың есептеулері (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15]

1 сурет – Қазақстанның 2024 жылғы жұмыспен қамтылған қала және ауыл тұрғындарының жалпы жұмыспен қамтылғандар санындағы үлесі

Біз де осылайша жалпы жұмыс күшіндегі қала және ауыл халқының үлесін есептейміз. Қалалық жұмыс күші 2024 жылы 6 024 163 адамды немесе жалпы ұлттық жұмыс күшінің 62,34%-ын құрады. Ауылдық жұмыс күшінің үлесі тиісінше 37,66% құрады.

Талдау көрсеткендей, жұмыс күшінің қолжетімділігі мен ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылу деңгейі айтарлықтай төмен.

Бұдан басқа, қалада жұмыс күші мен жұмыспен қамтудың ұлғаюы, ал ауылдық жерлерде жұмыс күші мен жұмыспен қамтудың төмендеуі тенденциясы сақталуда.

Қазақстанда ауылдан қалаға көшу бай-
қалатындықтан, ғылыми зерттеулер қала
мен ауыл халқының жұмыспен қамтылу сер-
пінін зерттеу арқылы толықтырылады. Де-
генмен, 2 суретте қалалық жұмыспен қам-

тылған халық санының өсу тенденциясы және ауылдағы жұмыспен қамтылған халық санының азаю тенденциясы анық көрсетілген.

Демек, ауылдағы жұмыс күшінің сапасына қойылатын талаптардың артып келе

жатқанын ескеру қажет. Толық цифрландыру өзіндік түзетулер енгізуде, тек агроөнеркәсіптік кешенде жұмыс істейтін дайындалған мамандар ғана ауылдық жерлерде тұрақты дамуды қамтамасыз ете алады.



Ескерту: автордың есептеулері (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15]
2 сурет – ҚР 2014 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңдегі жұмыспен қамтылған қала және ауыл тұрғындары санының серпіні

Талданып отырған кезеңде қалалық жұмыспен қамтылған халық саны 1 031 мың адамға өсті. Ал ауылдағы жұмыспен қамтылған халық саны жыл сайын біртіндеп азайып келеді. Бұл жағдайдың бір себебі – еңбекке жарамды жастағы жастардың бел-

гілі бір бөлігінің ауылды тастап, қала тұрғындарының қатарына қосылуы.

Зерттеу талдауындағы 2 кестеде келтірілген мәліметтер Қазақстанның барлық аймақтарында ауылдар санының біртіндеп азайып бара жатқанын көрсетеді.

2 кесте – Қазақстанда 2014 және 2024 жылдардағы село саны

Облыс	2014ж. (1 қаңтар)	2024ж. (1 қаңтар)
Қазақстан Республикасы	6828	6256
Абай	-	327
Ақмола	623	589
Ақтөбе	372	315
Алматы	760	380
Атырау	165	153
Батыс Қазақстан	444	413
Жамбыл	373	367
Жетісу	-	352
Қарағанды	421	342
Қостанай	610	492
Қызылорда	262	230
Маңғыстау	60	59
Оңтүстік Қазақстан	879	-
Павлодар	405	352
Солтүстік Қазақстан	689	635
Түркістан	-	822
Ұлытау	-	72
Шығыс Қазақстан	765	356

Ескерту: автордың құрастыруы (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15]
мәліметтері негізінде

Яғни, 2024 жылы олардың саны 6 256 құрады немесе 2014 жылмен салыстырғанда 572 бірлікке аз. Ең көп ауыл Түркістан облысында кездеседі. Шығыс Қазақстан облысында ауылдар саны 2,1 есеге қысқарды.

Бос ауылдар немесе тұрғындары аз ауылдар пайда болды.

Зерттеуде 3 кестедегі мәліметтерді талдау нәтижесінде жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының Қазақстан аумағы бойынша біркелкі таралмағаны анықталды.

3 кесте – Қазақстан аймақтарында 2014 және 2024 жылдардағы жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының бөлінуі

Облыс	Жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындары, адам		Аймақтың үлесі, %	
	2014ж.	2024 ж.	2014 ж.	2024ж.
Қазақстан Республикасы	3 794,8	3 467,9	100,0	100,0
Абай	-	119,6	-	3,45
Ақмола	222,5	178,8	5,86	5,16
Ақтөбе	156,5	114,3	4,12	3,29
Алматы	787,0	611,0	20,74	17,62
Атырау	144,1	144,5	3,80	4,17
Батыс Қазақстан	170,8	154,6	4,50	4,46
Жамбыл	290,6	315,8	7,66	9,11
Жетісу	-	163,8	-	4,72
Қарағанды	146,1	103,5	3,85	2,98
Қостанай	240,7	164,2	6,34	4,73
Қызылорда	187,0	174,5	4,93	5,03
Маңғыстау	104,0	186,4	2,74	5,38
Оңтүстік Қазақстан	732,4	-	19,30	-
Павлодар	140,6	116,4	3,71	3,36
Солтүстік Қазақстан	185,1	147,8	4,88	4,26
Түркістан	-	628,0	-	18,11
Ұлытау	-	22,0	-	0,63
Шығыс Қазақстан	287,4	122,7	7,57	3,54

Ескерту: автордың құрастыруы (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15] мәліметтері негізінде

Зерттеуде 3 кестедегі мәліметтерді талдау нәтижесінде жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының Қазақстан аумағы бойынша біркелкі таралмағаны анықталды. Осы 2014 жылы ең көп жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындары Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында болды. 2024 жылы Қазақстанның жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарын бөлуде айтарлықтай құрылымдық өзгерістер болды. Мәселен, Түркістан облысының үлесі 2024 жылы 18,11 пайызды, Алматы облысының үлесі тиісінше 17,62 пай-

ызды құрады. Шығыс Қазақстан облысында жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының саны 2,3 есеге азайды.

Қазақстанда ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санының қысқару үрдісі 4 кестеде байқалады. Мәселен, жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2014 жылғы 18,8%-дан 2024 жылы 11,1%-ға дейін төмендеді. Талданған кезеңде ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар саны 577,3 мың адамға азайды.

4 кесте – Қазақстандағы ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі (2014-2024жж.)

Жыл	Жұмыспен қамтылған тұрғындар – барлығы, мың адам	Ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыс істейді, мың адам	Ауыл, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі, %
2014	8 510,1	1 605,1	18,8
2015	8 433,3	1 362,9	16,1
2016	8 553,4	1 385,5	16,2
2017	8 585,2	1 319,0	15,3
2018	8 695,0	1 228,2	14,1
2019	8 780,8	1 184,7	13,5

2020	8 732,0	1 175,1	13,4
2021	8 807,1	1 176,4	13,3
2022	8 791,5	1 108,9	12,6
2023	9 106,0	1 078,7	11,8
2024	9 214,2	1 027,8	11,1

Ескерту: автордың құрастыруы (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау...) [15] мәліметтері негізінде

Елімізде ауыл шаруашылық саласындағы 230,4 мыңнан астам ауыл шаруашылық құрылымдарының еңбек өнімділігін арттыру, әлемдік нарыққа бәсекеге қабілетті қазақстандық өнімдерді экспорттау, ішкі нарықта 20,4 млн астам тұрғындарды отандық азық-түлікпен қамтамасыз етуді 70 пайызға жеткізу міндеті тұр.

Мемлекетіміз индустриалды-аграрлы мемлекет. Елімізде егістік жерлердің аумағы 24 млн гектар, жылына орташа есеппен 17-20 млн тонна аралығында астық жиналады, оның 7 млн тоннасы ішкі қажеттілікке және 8-10 млн тоннасы экспортқа жіберіледі. Бүгінгі кезде еліміздің өңірлерінде 17 тәжірибе станциялары өсімдік және мал шаруашылығы салалары бойынша өздерінің ғылыми зерттеулерін жүргізіп, оң нәтижелерін өндіріске ұсынууда. Мысалы жаңа асыл тұқымды қойды түрін шығаруға 10-15 жыл, көкөністің сортын шығаруға 11-12 жыл уақыт кетеді екен.

Қазіргі уақытта мемлекетіміздегі 20,4 млн халықтың 36,7% ауылдық жерлерде тұрады. Ауыл шаруашылығын дамытудың әлемдік бай тәжірибесін өз ерекшелігімізде ескере отырып пайдалануға тиіспіз. Себебі, дала өркениетінің бай тәжірибесі бар және соның негізінде дамыта отырып, ары қарай жалғастыру керек. Еліміздің ауыл шаруашылық саласында өте мол шикізат ресурстары бар: терілер – 11 298 599 дана, оның: 30% (3 354 825) – ірі терілер, 70% (7 941 122) – ұсақ терілер; қой жүні – 39 371 тонна; мақта – 326 582 тонна, сүт көлемі – 6 млн тонна, шекілдеуік – 324 873 тонна.

Осы мол шикізат көздері ауыл шаруашылық кооперативтерін дамытудың әлеуетін арттырудың мүмкіндігі екенін баста назарда ұстауымыз керек. Ең бастысы ауылдық жерлерде мал және өсімдік шаруашылығының шикізаттарын терең өңдеуге баса мән беру керек. Бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіруге инновациялық технологияларды қолдану қажет. Себебі бәсекеге қабілетті өнімдер заманауи технологиямен жасалады. Еліміздің кез-келген өңірінде интернет жүйесі бар.

Ауыл шаруашылық кооперативтері өз өнімдерін өндіріп, интернет арқылы жарнама беру арқылы сатып алушыларға өткізу

мүмкіндігін пайдалануы тиіс. Ауылдық жерде бәсекелестік орта аз, жұмысшы күші арзан, сапалы азық-түлік терең өңдеуді дамытуға шикізаттың қолжетімдігі, өзінің ғимаратын пайдалану, жергілікті әкімдік тарапынан заңдылық және қаржылық қолдаудың болуы. Сонымен қатар кейбір кемшіліктер: тәжірибелі кәсіби мамандардың болмауы, табыстың аздығы, сатып алу төмендігі. Бірақ, нарықтық экономикада үнемі сұраныс пен ұсынысты зерттеп отырған жөн. Ең бастысы 17 облыстағы 176 астам аудандағы ауылдық жерлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, инфрақұрылымын және экономикалық белсенді тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі оң шешімін табар еді.

Ауыл шаруашылық саласын дамытудың зор мүмкіндіктері бар: білімді де белсенді еңбек ресурстары мен өте мол шикізат ресурстарының болуы; интернет арқылы кез-келген ақпараттарды алу мүмкіндігі; қолжетімді әр түрлі несие ресурстары бар; заманауи технологияны қолдану жағдайының болуы; экспортқа өз бұйымдарын экспорттау мүмкіндіктері ЕО (27 мемлекет – 502 млн адам), Евразия одағы елдеріне (166 млн адам – Ресей, Белорусь, Армения, Қырғызстан), Орта Азия елдері (52,5 млн адам) Батыс Қытай-Батыс-Еуропа халықаралық автомобиль жолының мүмкіндіктерін пайдалану; Ақтаудағы "Құрық" айлағы арқылы Өзбекстан, Грузия, Иран тағы басқа елдерге.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы секторларының жедел дамуы және экспорттық әлеуеттің өсуі республиканың АӨК-не инновациялар енгізусіз мүмкін емес. Ауыл шаруашылық саласындағы құрылымдардың тиімділігін арттырудың келесі бағыттарына басымдылық беру керек: суды аз қажетсінетін дақылдарды өсіру, тамшылап суғару; дақылдар мен малдар түрлерін және тұқым шығаруда отандық зерттеулердің нәтижелерін пайдалану, ауыл шаруашылық кооперативтерін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, инновациялық (шикізатты терең өңдеу) жол карталарын және цифрландыруды одан әрі дамыту.

Талқылау

Ауылды жұмыспен қамту және ауылды дамыту мәселесін зерделеуге жүйелі көзқарас қажет. Кадрлардың болуы ауылдық елді

мекендерді абаттандыруға, тұрмысқа жайлы жағдай жасауға, табысқа байланысты. Өз кезегінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіпқойлығы кәсіпорындардың жұмыс нәтижесінен, мемлекеттік бюджеттің толығынан, ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қаржы ресурстарының қолжетімділігінен көрінеді.

Толық цифрландыру жағдайында қажетті құзыреттілігі бар және АӨК ерекшеліктерін білетін кадрлар тапшылығы байқалады. Аграрлық секторда ғылымның рөлі айтарлықтай артып келеді.

Бұрынғы кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін ауылдық жерлерде келеңсіз процестер орын алды: өндірістің құлдырауы, еңбекке жарамды ауыл халқының кетуі, қала мен ауыл тұрғындарының табыс деңгейі, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігі бойынша алшақтық ұлғаюы. Қазіргі уақытта жұмыс күшін аграрлық секторынан ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың баламалы түрлеріне қайта бөлу үрдісі байқалады. Туризмнің әр алуан түрлері (сауықтыру, этнографиялық, ауыл шаруашылық, экологиялық, гастрономиялық), ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, халықтық қолөнер дамып келеді.

Жұмыспен қамтылған ауыл тұрғындарының одан әрі қысқаруы ауыр әлеуметтік-экономикалық зардаптарға әкеп соқтырады: ауыл халқының қартаюы, кадрлардың тапшылығы, өмір сүру сапасының нашарлауы, азық-түлік нарығында азық-түлік тауарлары бағасының өсуі.

Қорытынды

1. Ауылды жұмыспен қамту мәселесі ауылдың дамуына, елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Аграрлық секторда жұмыс орындарын құру, ірі агрохолдингтерді салу, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын арттыру қала мен ауыл өмірінің сапасы арасындағы алшақтықты жоюға және соның нәтижесінде еңбекке жарамды ауыл халқының қалаға кетуін азайтуға мүмкіндік береді.

2. Ауыл тұрғындарының, әсіресе цифрлық технологияларды игере алатын еңбекке қабілетті жастағы адамдардың азаю тенденциясы аграрлық сектордағы бәсекеге қабілеттілік мәселесін күшейтеді. Цифрлық технологиялар кадрларды даярлау мен қайта даярлауды талап етеді. Цифрлық технологияларды меңгермейінше, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін ұлғайту және оны Қазақстан халқына қолжетімді бағамен сату туралы сөз болуы мүмкін емес.

3. Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасына көңілі толмағандықтан, жастар қалаға көшуде. Мектептер мен медициналық мекемелер жабылып, әлеуметтік инфрақұрылым тозып барады. Сонымен қатар, ауылды жұмыспен қамту жүйесі түбегейлі қайта құруды қажет етеді. Жастар мектеп кезінен бастап цифрлық технологияларды оқып, меңгеру мүмкіндігіне ие болуы керек.

4. Ауыл тұрғындарының өнімді жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін, бір жағынан, жайлы өмір сүру жағдайлары мен жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын құру қажет. Екінші жағынан, жоғары оқу орындарында, біліктілікті арттыру орталықтарында оқыту, жұмыс орындарын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтау, инновациялық технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау жүйесін жетілдіруіміз қажет.

5. Ауыл халқын тұрақтандырудың басты тетігі шаруа қожалықтарын кооперативтерге біріктіруді жандандыру және оны тетіктерін мемлекеттік деңгейде үнемі қолдап отыруға тиіспіз. Нарықтық бәсекелестік ортада, неғұрлым ауылшаруашылық дақылдарының өнімін терең өңдеуді арттырсақ, азық-түлікті өңдеуге баға төмендейді, ең бастысы ауылдық жердегі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы яғни табысы молаяды.

Авторлардың үлесі: Кусмолдаева Жазира Нурасыловна: әдістемені әзірлеу, зерттеулерді үйлестіру, алынған нәтижелерді бағалау, мақаланы қайта қарау және баспаға ұсыну; Бельгибаева Жанат Жакуповна: әдебиеттерге библиографиялық шолу, жазу, деректерді талдау және жинақтау, қорытынды дайындау; Абралиев Оналбек Алтыбайұлы: талдау үшін материалдарды таңдау, нәтижелерді түсіндіру, басылымды редакциялау және қайта қарау.

Мүдделер қақтығысы: авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдемейді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Об утверждении Концепции развития рынка труда Республики Казахстан на 2024 – 2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 ноября 2023 года № 1050. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001050> (дата обращения: 15.09.2025)

[2] Vasylyeva, O., Karpenko, A. The Intellectual Component of Labor Potential as a Factor of Sustainable Development of the Agricultural Sector.-2021.- Available at: https://www.shs-conferences.org/articles/shsconf/pdf/2021/11/shsconf_iscsai2021_05012.pdf (date of accessed: 15.09.2025).

[3] Pakush, L. Agricultural employment: Features, Problems and Solutions / L. Pakush, I. Mirenkova // *Public Administration and Civil Service*. -2023. -№ 1(84). -P.182-189.

[4] Меренкова, И.Н. Занятость на сельских территориях: особенности, проблемы, перспективы / И.Н. Меренкова, З.В. Гаврилова, Е.А. Чумарина // *Современная экономика: проблемы и решения*. – 2023. – № 10 (166). – С. 42–56.

[5] Сычева, Н. Факторы и региональные особенности занятости сельского населения Гомельской области / Н. Сычева // *Аграрная экономика*. -2024. -№8. -С.82-96.

[6] Fadeeva, O. P. Rural labor market: Agricultural education, agrarian involvement and rural settlement of younger workers / O.P. Fadeeva // *The Russian Peasant Studies*. - 2024. -Vol.9. -№3. - P. 204-228.

[7] Постнова, М.В. Занятость и формирование трудового потенциала сельских территорий / М.В. Постнова, Н.Р. Александрова, Е.А. Смирнова // *Вестник Воронежского государственного аграрного университета*. -2021. -№3 (70). -С.112-123.

[8] Kamysbaev, M., Issues of productive employment of rural population of the Republic of Kazakhstan / M. Kamysbaev, G. Omarov, S. Sagandykova / *Problems of agrimarket* .-2024. -№1. -P.195-206.

[9] Ryspekova, M.O. Modern aspects of rural employment in Kazakhstan / M.O. Ryspekova, A.B. Uchkampirova, A.A. Dujsenbekova // *Statistics, Accounting and Audit*. -2021. - №1 (80). - P.117-122.

[10] Югов, Е.А. Перспективы развития сельских трудовых ресурсов под влиянием изменений в экономике сельских территорий в 2020-е годы / Е.А. Югов // *Вестник университета*. -2021. - № 5. -С. 145–152.

[11] Nikulina, Y. N. Rural employment in Russia: Present conditions and prospects for agricultural and non-agricultural sectors / Y.N. Nikulina // *Russian Journal of Economics*. - 2023. - №9. -P. 351–370.

[12] Sen, B. Moving out of agriculture in Bangladesh: The role of farm, non-farm and mixed households / B. Sen, P. Dorosh, M. Ahmed // *World Development*. - 2021. - Vol. 144. – 105479. <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2021.105479>

[13] Fedorov, G. M., The effect of geographical position and employment fluctuations on rural settlement trends / G. M. Fedorov, S. Kinder, T. Yu Kuznetsova // *Baltic Region*. - 2021. - Vol. 13. -№ 4. - P. 129-146.

[14] Zabelina, O., Mirzabalaeva, F., Sankova, L. Readiness of agricultural workers to develop new competencies and change the employment model in the conditions of digitalization. -2020. Available at https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2020/36/e3sconf_id-

[sisa2020_06003.pdf](#) (date of accessed: 05.09.2025).

[15] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс]- URL: <https://www.stat.gov.kz/> ru (қаралған күні: 15.09.2025).

References

[1] Ob utverzhdenii Konceptii razvitiya rynka truda Respubliki Kazakhstan na 2024–2029 gody. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 29 nojabrja 2023 goda № 1050 [On approval of the Concept for the development of the labor market of the Republic of Kazakhstan for 2024–2029] (2023). Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001050> (date of access: 15.09.2025) [in Russian].

[2] Vasylyeva, O., Karpenko, A. (2021). The intellectual component of labor potential as a factor of sustainable development of the agricultural sector. Available at: https://www.shs-conferences.org/articles/shsconf/pdf/2021/11/shsconf_iscsai2021_05012.pdf (date of access: 15.09.2025) [in English].

[3] Pakush, L., Mirenkova, I. (2023). Agricultural employment: Features, problems and solutions. *Public Administration and Civil Service*, 1(84), 182–189 [in English].

[4] Merenkova, I.N., Gavrilova, Z.V., Chumarina, E.A. (2023). Zanjatost' na sel'skih territorijah: osobennosti, problemy, perspektivy [Employment in rural areas: features, problems, prospects]. *Sovremennaja ekonomika: problemy i reshenija – Modern Economy: Problems and Solutions*, 10(166), 42–56 [in Russian].

[5] Sycheva, N. (2024). Faktory i regional'nye osobennosti zanjatosti sel'skogo naselenija Gomel'skoj oblasti [Factors and regional features of rural employment in the Gomel region]. *Agrarnaja ekonomika – Agrarian Economics*, 8, 82–96 [in Russian].

[6] Fadeeva, O.P. (2024). Rural labor market: Agricultural education, agrarian involvement and rural settlement of younger workers. *The Russian Peasant Studies*, 9(3), 204–228 [in English].

[7] Postnova, M.V., Aleksandrova, N.R., Smirnova, E.A. (2021). Zanjatost' i formirovanie trudovogo potenciala sel'skih territorij [Employment and formation of labor potential of rural territories]. *Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta – Bulletin of the Voronezh State Agrarian University*, 3(70), 112–123 [in Russian].

[8] Kamysbaev, M., Omarov, G., Sagandykova, S. (2024). Issues of productive employment of rural population of the Republic of Kazakhstan. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 1, 195–206 [in English].

[9] Ryspekova, M.O., Uchkampirova, A.B., Dujsenbekova, A.A. (2021). Modern aspects of

rural employment in Kazakhstan. *Statistics, Accounting and Audit*, 1(80), 117–122 [in English].

[10] Yugov, E.A. (2021). Perspektivy razvitiya sel'skikh trudovykh resursov pod vliyaniem izmeneniy v ekonomike sel'skikh territoriy v 2020-e gody [Prospects for the development of rural labor resources under the influence of changes in the rural economy in the 2020s]. *Vestnik universiteta – University Bulletin*, 5, 145–152 [in Russian].

[11] Nikulina, Y.N. (2023). Rural employment in Russia: Present conditions and prospects for agricultural and non-agricultural sectors. *Russian Journal of Economics*, 9, 351-370 [in English].

[12] Sen, B., Dorosh, P., Ahmed, M. (2021). Moving out of agriculture in Bangladesh: The role of farm, non-farm and mixed households. *World Development*, 144, 105479. <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2021.105479> [in English].

[13] Fedorov, G.M., Kinder, S., Kuznetsova, T.Yu. (2021). The effect of geographical position and employment fluctuations on rural settlement trends. *Baltic Region*, 13(4), 129–146 [in English].

[14] Zabelina, O., Mirzabalaeva, F., San-kova, L. (2020). Readiness of agricultural workers to develop new competencies and change the employment model in the conditions of digitalization. Available at: https://www.e3s-conferences.org/articles/e3sconf/pdf/2020/36/e3sconf_idsisa2020_06003.pdf (date of access: 15.09.2025) [in English].

[15] Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq josparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyq statistika biurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2025). Available at: <https://www.stat.gov.kz/ru> (date of access: 15.09.2025) [in Kazakh].

Авторлар туралы ақпарат:

Кусмолдаева Жазира Нұрасылқызы – **негізгі автор**; Ph.D; «Менеджмент» кафедрасының аға оқытушы; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; 050040 Әл-Фараби даңғ., 71; Алматы қ., Қазақстан; e-mail: kusmoldaeva@mail.ru; [https:// orcid.org/0000-0002-6867-3442](https://orcid.org/0000-0002-6867-3442)

Бельгибаева Жанат Жақыпқызы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Менеджмент» кафедрасының профессоры; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; 050040 Әл-Фараби даңғ., 71; Алматы қ., Қазақстан; e-mail: zhanat58@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3506-1770>

Абралиев Оналбек Алтыбайұлы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; «Менеджмент» кафедрасының профессоры; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; 050040 Әл-Фараби даңғ.,71; Алматы қ., Қазақстан; e-mail: abraliyevobek@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4081-6587>

Information about the authors:

Kusmoldayeva Zhazira – **The main author**; Ph.D; Senior Lecturer of the Department of Management, Al-Farabi Kazakh National University; 050040 Al- Farabi Ave., 71, Almaty, Kazakhstan; e-mail: kusmoldaeva@mail.ru; [https:// orcid.org/0000-0002-6867-3442](https://orcid.org/0000-0002-6867-3442)

Belgibayeva Zhanat; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Management, Al-Farabi Kazakh National University; 050040 Al-Farabi Ave., 71, Almaty, Kazakhstan; e-mail: zhanat58@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3506-1770>

Abraliyev Onalbek; Doctor of Economic Sciences, Professor; Professor of the Department of Management, Al-Farabi Kazakh National University; 050040 Al-Farabi Ave., 71, Almaty, Kazakhstan; e-mail: abraliyevobek@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4081-6587>

Информация об авторах:

Кусмолдаева Жазира Нурасыловна – **основной автор**; Ph.D; старший преподаватель кафедры «Менеджмент»; Казахский национальный университет им. аль-Фараби; 050040 пр.Аль-Фараби, 71, г.Алматы, Казахстан; e-mail: kusmoldaeva@mail.ru; [https:// orcid.org/0000-0002-6867-3442](https://orcid.org/0000-0002-6867-3442)

Бельгибаева Жанат Жакуповна; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Менеджмент»; Казахский национальный университет им. аль-Фараби; 050040 пр.Аль-Фараби, 71, г.Алматы, Казахстан; e-mail: zhanat58@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3506-1770>

Абдалиев Оналбек Алтынайұлы; доктор экономических наук, профессор; профессор кафедры «Менеджмент»; Казахский национальный университет им. аль-Фараби; 050040 пр.Аль-Фараби, 71, г.Алматы, Казахстан; e-mail: abralivevobek@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4081-6587>